

FTAMP 03.01.09

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v107.i4.012>

А.Т. Имангалиев* , **З.О. Дүкенбаева** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: imangaliyev_historian@mail.ru

ТҰҢҒЫШ ФАРАБИТАНУШЫ-ҒАЛЫМ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ НӘМ ҚАЖЫ ҚАЖЫБАЙ МӘНДІБАЙҰЛЫ ІЗІМЕН

Мақалада Қазақстан мен Орта Азиядағы ортағасыр мұсылман ренесансының көрнекті ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби жайлы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің XX ғасырдың 60-жылдарының басында қажылыққа барып, дін мен ғылым жолын тең ұстаған Қажыбай Мәндібайұлымен бір-біріне жазған хаттары, имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлының өнегелі өмірі мен фарабитану ғылымы бойынша жарық көрген «Жоғары болған табиғат ғылымының негіздері жайында» атты қолжазбасының көшірмесінде көтерілген мәселелер қарастырылады.

XX ғасырдың 50-жылдарында тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің фарабитану ғылымы бойынша алғашқы ғылыми ізденіс жұмыстары жарық көре бастады. Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» (1994) атты ғылыми еңбегі мен 1994 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік журналының №2 санында жарық көрген «Әл-Фарабидің нұрнамасы» атты мақала-зерттеуінде атап өткендей, Сәдуақас қажы Ғылмани арқылы араб тілін білетін Ғаббас Елеусізов, Рахым Сәрсенұлы, Қажыбай Мәндібайұлы атты имам-молдалармен кездесіп, олардың көмегімен Әбу Насыр әл-Фараби есімі мен мұрасын зерттеуге күш салды.

Бұл мақала өлкетанушы, қадым жазуын, шағатай тілін меңгерген Қасенов Айдаржан Балтабайұлының қорынан алынған тың деректік құжаттардан және ізденушінің ғылыми сапарының нәтижесінде көрініс тапқан фото-құжаттан тұрады.

Түйін сөздер: фарабитану, Ақжан әл-Машани, фарабитанушы, имам, Қажыбай Мәндібайұлы, қолжазба, хат, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылы.

A.T. Imangaliyev*, Z.O. Dukenbaeva

Eurasian National university L.N. Gumilyov, Kazakhstan, Astana

*e-mail: imangaliyev_historian@mail.ru

Following the first scientist-farabiologist Akzhan al-Mashani and hadji Kazhybai Mandybaiuly

The article examines the letters of the prominent thinker of medieval muslim renaissance to Kazakhstan and Central Asia Abu Nasr al-Farabi with the first congregator, the first farabiologist Akzhan al-Mashani with the imam-scientist, who in the early 60s of the XX century kept the path of religion and science on an equal footing to the people of Kazhibay Mandibaiuly, a copy of the manuscript of imam-scientist Kazhibay Mandibaiuly «On the foundations of nature science, which was high» («Zhogary bolgan tabigat gylmynyn negizderi zhaynda»).

The first scientific research on the farabiology of the scientist Akzhan al-Mashani was released in the 50s of the XX century. As he notes in his work «Al-Farabi and Abai» in 1994 and in the research article «Nurama Al-Farabi» which published in 1994 in No.2 of the popular science magazine of «Zerde», with the helped of the famous kazhi Saduakas Gylmani, he met with the arabic-speaking imams-mullahs Gabbas Otarluly, Rahim Sarsenuly and Kazhybai Mandybayuly, and later with their help began to study the heritage of al-Farabi.

This article consists of the results of the scientific visit of the aspirant from especially valuable documents from the fund of the local historian Kasenov Aydarzhan Baltabaiuly, who mastered the kadym reading, chagatai, sulu zhadid.

Key words: farabi studies, Akzhan al-Mashani, farabiologist, imam, Kazhibay Mandibaiuly, manuscripts, letter, district Aktogay, village Shabanbai bi.

А.Т. Имангалиев*, З.О. Дүкенбаева

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

*e-mail: imangaliyev_historian@mail.ru

По следам первого ученого-фарабиеведа Акжана аль-Машани и кажы Кажыбайа Мандибайұлы

В статье рассматривается переписка о мыслителе средневекового мусульманского Ренессанса в Казахстане и Средней Азии Абу Насыре аль-Фараби между первым конгрегатором, первым ученым-фарабиеведом Акжаном Аль-Машани с имамом-ученым Кажыбаем Мандибайұлы, который в начале 60-х годов XX века в равной степени занимался изучением как религии, так и науки. Также в статье приводится уникальный фрагмент копии рукописи Кажыбая Мандибайұлы «Об основах высокой науки о природе» («Жоғары болған табиғат ғылымының негіздері жайында»).

В 50-е годы XX века увидели свет первые научные изыскания по фарабиеведению ученого Акжана аль-Машани. Как он отмечает в своей работе «аль-Фараби и Абай» в 1994 году и в статье-исследовании «Нурнама Аль-Фараби», опубликованной в 1994 году в №2 научно-популярного журнала «Зерде», с помощью известного кажы Садвакаса Гылмани он встретился со знающими арабский язык имамами-муллами Габбасом Отарұлы, Рахимом Сарсенұлы и Кажыбаем Мандибайұлы и в дальнейшем с их помощью начал изучать наследие аль-Фараби.

Данная статья включает результаты научного поиска среди особо ценных документов из фонда краеведа Касенова Айдаржана Балтабайұлы, который для исследований освоил кадымское чтение и чагатайский язык.

Ключевые слова: фарабиеведние, Акжан аль-Машани, фарабиевед, имам, Кажыбай Мандибайұлы, рукопись, письмо, район Актогай, село Шабанбай би.

Кіріспе

XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап ғұлама ғалым Ақжан әл-Машани ортағасыр мұсылман ренессансының көрнекті өкілі, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби есімі мен мұрасын зерттеуді қолға алады. Осылайша, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани әл-Фарабиді ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап ортағасыр ойшыл-ғалым әл-Фарабидің есімі мен еңбектері Қазақстан мен Орта Азияға белгілі бола бастады.

Әл-Фарабиді зерттеуде ғұлама ғалым Ақжан әл-Машани біраз кедергілерге тап болады. Солардың бірі ретінде – әл-Фараби еңбектерінің араб тілінде жазылуында еді. Осыған байланысты Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде «араб тілін білетін адамдардың жоқтығы көп кедергі жасады» деп атап көрсетеді [Машанов, 1994:18]. Десе де, Ақжан әл-Машани бұл мәселеден шығудың жолын іздеп араб тілін өз бетінше оқуды жөн санады.

Жалпы, Ақжан әл-Машанидің өмір дерегіне тоқталатын болсақ, алғаш молдадан тәлім алып арабша сауатын ашады. Осы мәселе аясында «Естеліктегі Алаш» атты кітапта келесідей атап көрсетіледі: «Өз әкем Жақсыбек момын, орта шаруа болды. Десе де көзі ашық, хатты жақсы танытын. Құранға жүйрік адам еді. Бір есімдегісі, «Айқап» журналын жаздыртып алып оқитын.

Осының әсері болар, алдымен молданың алдынан өтіп қара таныдым» [Жұмағұл, 2020:111]. Осылайша, Ақжан әл-Машанидің арабша сауат ашқандығын байқауымызға болады. Бұған дәлел ретінде Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде де: «Жас кезде ауылда арабша әріп үйреніп, құранды оқи бастаған ғана сауат болған еді. Сонан кейін қырық жыл шамасы арабшадан қол үзіп қалдық. Енді жас елуге келгенде арабша тілді үйренуге кірістім. Расында әл-Фараби оқыған кітапты оқымай, оның жазғанын танымай оның мирасын қолға алуға бола ма? Ғылымнан шындық іздеген адамға осылай істеуге болмайды. Ғылым атын жамылып, жалған жолмен жаба тоқыған қулардың әл-Фарабидің шындығында шаруасы не?»– деп атап өтеді [Машанов, 1994:19-20]. Осы орайда, Ақжан әл-Машани екі жыл ішінде араб тілін меңгеріп, сөздікпен жұмыс жасауға қол жеткізді. Нәтижесінде, әл-Фараби мұралармен тікелей жұмыстана бастады. Осы кезеңде, әл-Фараби баба мұраларын аударуға және зерттеуге араб тілін жетік білетін имам-білімдарлар көмектесті. Олар: Сәдуақас Ғылмани, Ғаббас Елеусізов, Рахым Сәрсенұлы, Кажыбай Мәндібайұлы [Машанов, 1994:20] және Нығметолла Шайхыұлы [Қожахмет, 2018:173]. Бұл туралы Орталық мемлекеттік архивінің 2285-қорының 75-іс құжаты дәлелдейді: «Ұлы бабамыз әл-Фараби мирасын зерттеп жүрген кез болатын. Осыдан жиырма бес жыл шамасы бұрын

әл-Фарабидің араб тілінде жазылған еңбектерін аударуға менің алғашқы көмекшілерім Мешіттің имамдары, қазилары, молдалары болатын. Исламның парызын өтеу үшін мен мешітке жұма сайын баратын едім. Оның үстіне басқа күндерде де мешітке боламын, ол кісілердің үйлерінде боламын» [ҚР ОМА, 1992:2-3]. Солардың ішінде тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани мен имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлы арасындағы хат алмасулар мен ғылыми байланыстары туралы атап өтуді жөн санап отырмыз.

Өз заманының белгілі имам-ғалымы Қажыбай Мәндібайұлының өмірі мен қызметі туралы кітапты алғаш Астана қаласындағы Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының қызметкері, психология ғылымдарының магистрі Күзекбай Бағыжаннан естідім. Ол кенеттен қоңырау шалып, «Қажыбай Мәндібайұлы. Өмірі мен шығармашылығы» атты кітаптың бар екендігі туралы хабар берді. Бірден, Мүфтият-қа барып, бұл кітапты қолыма алдым. Нәтижесінде, имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлы мен тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани арасындағы рухани байланысты көрсететін кітаптың авторының нөмерін Қарағанды қалалық «Әл-Машани» мешітінің Бас имамы Қошкелді Жанболат мырзадан алдым. Нәтижесінде, өлкетанушы Қасенов Айдаржан Балтабайұлымен телефон арқылы сөйлесе отыра, үлкен ғылыми олжаға тап болдым. Осылайша, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ізімен желтоқсан айының 22-і күні Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылына сапар шегіп, өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлымен жүзбежүз кездудің сәті түсті. Кейін, өлкетанушы-ғалым өзінің қорындағы рухани мұраларымен, яғни, араб қарпімен жазылған қолжазбаларымен, деректік құжаттарымен таныстырды.

Аталмыш кітаптың авторына тоқталып кететін болсақ, Қасенов Айдаржан Балтабайұлы 1970 жылы мамыр айының 8-ші жұлдызында Қарағанды облысы, Талды ауданы, Томар ауылында («Прогресс») дүниеге келген. 1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылының Шабанбай би мешітінің молдасы. 2016 жылдан бастап өлке тарихы бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысып, ғылыми еңбектер жазуда. Атап айтатын болсақ, «Аманат» (2017) [Қасенов, 2017:1], «Бабалар салған даңғыл жол» (2019) [Қасенов, 2019:1], «Қажыбай Мәндібайұлы. Өмірі мен шығармашылығы»

(2020) [Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:1] атты еңбектерін жарыққа шығарды. Өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлы Қарқаралы қаласында қари Шәмсуддинқызы Бифатимадан дәріс алды. Сонымен бірге, ол қадым жазуын, шағатай тілін меңгерген. Қазіргі таңда, бабалардың жазып кеткен шағатай, сұлу жәдид негізінде жазылған араб таңбасынан кириллицаға аударумен айналысады.

Біз сапар шеккен Қарағанды облысына қарайтын Ақтоғай ауданы тарихи тұлғалар бай өлке. Бұл өңірде Әлихан Бөкейхан [Жанысбай, 2015:3], Жақып Ақбаев [Жанысбай, 2015:3], Әлімхан Ермеков [Жанысбай, 2015:3], Қалижан Жандығұлұлы (1912-1978) [Балтабайұлы, Сағынтай, 2017:193] секілді тұлғалар шоғыры дүниеге келді.

Қарағанды қаласы мен Ақтоғай ауданы арасындағы арақашықтық 250 км болса, ал Ақтоғай ауданынан Шабанбай би ауылына дейінгі арақашықтық – 45 км.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл мақаланы Ақжан әл-Машани және еңбектері туралы баяндайтын 16 томдық еңбектерден, өлкетанушы Қасенов Айдаржан Балтабайұлының қорынан алынған материалдары құрайды. Атап айтатын болсақ, араб қарпінде жазылған Ақжан әл-Машани мен Қажыбай Мәндібайұлы арасындағы хат алмасулар, Қажыбай Мәндібайұлы туралы ақпарат беретін деректік құжаттардан және ізденушінің ғылыми сапары туралы ақпараттардан тұрады.

Мақалада деректерді ғылыми сараптау және синтез әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қорынан әл-Фараби тақырыбы бойынша тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанимен хат алмасқан имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлы туралы деректер бар. Осы ретте, имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлының өз қолымен жазған өмірбаяндық дерегі келесідей сөйлейді: «1891 жылы Нұра ауданы Қарағанды облысы 8-ауылда дүниеге келдім. Орта шаруа баласымын. Жасымда араб әрпімен молдалардан дін оқуын оқып, ортадан төмен білім алдым. 1913 жылы Ақмола қаласындағы педагогика тәртібінде оқытатын 7 жылдық мектебінің 5-ші класын бітірдім. Самоучкамен орысша жазып, оқуын танып тіл білдім. 1920 жылға шейін қызмет

істемей, үй шаруасында болдым. 1921-1922-1923 жылдары өзімнің туған ауылымда бастауыш мектепте мұғалім болдым. 1924-1925-1926 жылдары аралығында өз ауылымда ауылдық совет председателі қызметін істедім. 1927-1928-1929 жылдары өз ауылыма жақын көршілес Бородинский поселкесінде СельПО председателі болып істедім. 1930 жылы Нұра Райсвязында пом.нач.связ болып істедім. 1931, 1932, 1933, 1934, 1935, 1936 жылдары Қарағанды қаласында Қазторг УРС, Каруголь азық-түлік шаруашылық товар складында Завсклад болып істедім. 1937 жылы Қарағанды облторг мекемесінде экономист-товаровед қызметін істедім. 1938-1939 жылдары өзімнің Нұра ауданында райфо ревизоры, 1942-1943-1944 жылдары Нұра райфо налог инспекторы болып істедім. 1945-1946 жылдары Нұра райисполкомының Зав. кадры болып істедім. 1947 жылы Ақмола №1 госмельница приемщигі боп істеп, ауру себепті өз еркіммен шықтым. 1 сом үкімет ақшасын жеп, растратчик болмадым. Және де суд астында болмадым. Әуелден оқу білімім аз болғандықтан партияға кірмедім. Қызмет тоқтатқан соң ауру себепті қызметке кірмедім. Дұрыс жазды: Мандыбаев. 16.04. 1959 жыл [Қасенов қоры, 1959:278-281].

Өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қаламынан туындаған «Қажыбай Мәндібайұлы. Өмірі мен шығармашылығы» атты кітапта көрсеткендей, Қажыбай имам араб, парсы, өзбек, татар, орыс, украин, қырғыз тілдерінде ауызекі сөйлеп, оқып-жазған және түрлі еңбектерді еркін аудару жұмыстарымен айналысқан. Бұл туралы медицина ғылымдарының кандидаты Малина Қажыбайқызы келесідей атайды: «Діндарлықты, кітап оқуға деген құмарлықты анасынан – дін таратушы Кенже қалпенің жалғыз қызы Гүлсімнен алды. Гүлсім тұрмысқа шықпастан бұрын, Сырдария жағасында тұрып, мектеп ашып, сол мектебінде тәлім-тәрбие берді. Бұл, сірә 1880 жылдар болса керек. Араб және парсы тілдерін жетік білген Гүлсім әжеміз Қажыбайды жастайынан осы тілдерге үйретті. Жеті жасында баласын Ақмола қаласындағы татар мектебіне оқуға берді» [Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:19].

Фарабитану ғылымының бастауында тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанимен ғылыми байланыста болған Қажыбай Мәндібайұлы 1959 жылы 8-мамырдан бастап Қарағанды мешітінің имамы атанады. Бұл туралы өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қорынан алынған келесідей қаулы туралы дерегі дәлелдей түсіреді:

«Қаулы Алмаата қаласындағы қазый Гильмановтың мешітімізге имамдыққа лайықтаған Қажыбай Мәндібайұлының турасында осы мешітіміздің райысы Сырлыбайұлының ұсынысын тыңдап, өз аузынан шыққан өмір тарихын қарастырған сөзінде көпшілік бір ауыздан қаулы етті.

Бұрынғы өмір тарихындағы қателіктері көрінбегендіктен, айтқан уағыз, сөйлеген сөздері көпшілікке ұнамды келгендіктен, ғылымнан қазының алдынан сүрінбей өткендіктен, сенімді адам екендігін еске алып, Қажыбай Мәндібайұлын Орталық мешітке имамдыққа тағайындалуын қабылдаймыз» [Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:18]. Қажыбай Мәндібайұлының Қарағанды қалалық мешітінің Бас имамы ретінде сайлануы туралы мәжіліс қаулысының түпнұсқасын өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қорынан таныса аламыз [Қаренов қоры, 1959:277-278].

Өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының ғылыми ойы бойынша тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлы есімін Сәдуақас қажы Ғылмани арқылы білді деген тұжырымға келеді. Бұл туралы Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде: «Осыдан кейін Сәдуақас қажы арқылы тағы да бірталай арабша білетін адамдарды тауып алдық» деп көрсетеді [Машанов, 1994:19]. Бұдан тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің Сәдуақас қажы Ғылманимен жақсы ғылыми байланыста болғандығын көруімізге болады. Осы мәселеге дәлел ретінде, Ақжан әл-Машани: «Мен С.Ғылманиды өзімнің ғылыми жетекшім деп есептеймін. Өйткені, «екінші ұстаз әл-Фараби араб емес, қазақ жерінен шыққан ғұлама» деген хабармен жер жүзін шарлап, анықтауға кірісіп, араб-парсы тілдерінде жазылған шығармаларды оқи алмай жүргенімде Сәдуақасқа кезіктім. Ол кісі маған керекті шығармаларды аударып берді. Соларды зерттей келіп, әл-Фараби зиратын тауып, оны қазақтың Отырар-Фараб қаласынан шыққан оқымысты екенін дәлелдеп, ел-жұртына таныстырдым» деп атап өтеді [Қамзабекұлы, 2010:24]. Бұл ақпарат Түркия Республикасының Ыстанбұл қаласындағы Ислам тарихы, Өнері мен Мәдениетін Зерттеу орталығы (IRCICA) басып шығарған «Saduqaq Ghilmani. Biographies of the Islamic Scholars of Our Times» атты кітабының I томында ағылшын тілінде Сәдуақас қажы Ғылманидың тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани байланыстары көрсетіледі [Eren, 2018:27].

Өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қорында тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани мен имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлы арасындағы рухани да ғылыми байланысты көрсететін 5 деректік хаттар бар. Солардың ішінде сіздердің назарларыңызға, 1969 жылы Қажыбай Мәндібайұлының Ақжан әл-Машаниге жазған хатының түпнұсқа деректік құжаты мен аудармасын ұсынамыз:

«Досым Ақжан!

Ассаламуалейкум уа рахматуллаһ уа баракатуһу. Сіздің 17/Х жазған мақтұбыңызды (хатыңызды) уақытында алсам да түрлі шақырулар, қызмет жағдайым уақытымды бөлгізбей, бүгін ғана көңілімді бөліп хат жаздым. Сіз сұратқан екі парақ жазуды оқып, қарап, Фарабидің өз заманында жеке дара, өнер-ғылымда өзіндік тіс қаққан адам екеніне сенімім бекіді. Қысқаша айтқанда, ол екі беттің түсінігі мынау.


Сол заманның бір ғалымы, Әбу Исхақ Ибраһим бин Ғабдуллаһ Асфандари деген ғалым айтады: «Мен жұлдыздар ғылымын (астрономия) зерттеп білуге, оны кеңейтуге құмар болып, сол жайында жазылған кітаптарды сеніммен көп уақыт қарадым. Бұл ғылымның құралдары (обсерватория, тағы басқаларының жарыққа шығуымен байланысты): ғалым кітаптарды реттеп, ашу жөнінде еш күмәнданарлық жағдай жоқ қой деп сенсем де, соңынан көп мәселеде көріктеніп, әуелгі заманның ғылымдарының, хәкімдерінің кітаптарынан қарастыра бастадым. Солардың кітаптарынан менің ауруыма ем табыла ма деп ойладым. Бірақ, олардың да кітаптарын тексеріп қарап, олардың жазғандарында қанағаттанарлық ештеңе таппадым.

Анық дегенім күмін болып, сенгенім күдікті болып шықты. Енді бірнеше заман өткен уақытта, ғылымдағы күмәнді мәселелерді шешіп, оны қайсы дұрыс емес, қайсы туралы Әбу Насыр әл-Фарабиға жолығуды ойлап, жолықтым. Оған тілек қойып мұңымды айтып, Ғалым Нәжмуддин осы мәселелерді ашып беруін өтіндім. Фараби бұнымды қабылдады. Мәселелердің тегіс зандарымен танысып, түсіндірді. Бұл жайында көп айтылып, тартысып та қалып отырдық. Ақырында Фараби кітап жазып, күдікті мәселелердің біразын ашып берді. Айқын дәлелдермен шындыққа көзімді жеткізіп, мақсатыма жеткендеймін.

Әбу Исхақ Ибраһим Ғабдуллаһтың бұл сөздерінен, бағалануына қарағанда Фарабидің өте-мөте астрономия ғылымында өзіндік ғалым екендігі анықталды. Екіншіден, біз Фарабидің араб тілінде кітапты қазақшалап беруге бола ма депсіз. Ол жайында сізге мынадай сұрақ қоямын.

Ол кітап ғалымның қай саласында жазылған, әдебиеттен бе, болмаса, басқа өнер ғылым пән кітабы ма, оны қай пәннен жазылған, көлемі неше бет? Осыларды жазып жіберсеңіз, соңынан жауап қайырамын. Үшінші, сіздің өзіңіздің «Білім және еңбек» журналында басылған мақалаңыз жайында соңынан хабарлармыз. Бұл күнде әлі қолыма түспеді.

Тілеуқор ағаңыз Қажыбай МӘНДІБАЙҰЛЫ,
7 қараша 1969 жыл»
[Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:172-173].



Қажыбай Мәндібайұлының Ақжан әл-Машаниге жазған хаты [Қасенов қоры, 1969: 1-2]

Бұл хатқа зер салып қарайтын болсақ, фарабитану ғылымының бастауын көруімізге болады. Аталмыш деректік құжат арқылы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани жергілікті имам, діни білімі терең және үлкен ғылым иесі Қажыбай Мәндібайұлымен ғылыми байланыста болғандығына тағы көз жеткізе аламыз.

Құрметті Қажеке!

Сіздің жазған хатыңызды кеше алдым. Менің кітап жіберген адамым өзінің ауырғаны жөнінде хабар берген жоқ. Мен сізді ауырып қалмады ма деп жүрген едім. Аmandық біліп, қуанып қалдым. Екінші қуанғаным сіздің Әл-Фарабидің еңбегін өзінің түпнұсқасын арабша оқып, оның ұлы ғалым екенін, мұсылман ғалымы, қазақтан шыққан дана екендігін түсініп, бағалағаныңызға қуандым. Бұл сияқты адамдар да санаулы болып қалды ғой! Фараби сияқты адамды таныту, одан үйрену, оны уағыздау әлбетте, жақсылық нышаны болар. Әмин!

Фараби ісі бұл күнде біздерге зор халықтық іс болып тұр ғой. Соған сіздің атсалысып, үлес қосқаныңыз болсын. Шама келсе, сіз сол еңбекті толық аударып шығыңыз. Бұл тарихта қалатын зор іс қой. Мүмкіндік болса, оны жариялауға тырысамыз. Болмаса, басқа еңбектерге қосып пайдаланармыз. Бұл жөнінде газетке жазармыз... Кейінге мирас қалар...

Менің қолыма Фарабидің жаңада басылған (Бейрут, 1968 ж.) бір кітабы түсті. Ол діни мәселелерге арналған. Пайғамбарлар тарихы, діни адамдық қағидалар, халықтар туралы. Қолыңыздағы кітап біткен соң мен оны да сізге бермек ойым бар. Оның ішінде, керекті сөздер көп. Кітапты аударғанда бір қағаздың бетіне арабша-қазақша аралас жазып отыру қолайсыз болады. Ол екеуін екі қағазға жазып, әр бет сайын бірден бастап сөйлемдерді нөмірлеп отырған дұрыс болады. Жұмысты жеңілдету үшін арабшаны көшірмей-ақ, кітаптың өз шетіне сөйлем нөмерін қойып отыруға болады ғой. Нөмер саны көбейіп кетпес үшін әр беттің нөмерін бірден бастау керек. Қысқасын айтқанда, Алла сізге қуат берсін!

Сәлеммен, тілектес ініңіз
Ақыжан Жақсыбекұлы МАШАНОВ
1973 жылы 13 март»
[Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:173].

Осы хатқа зер салатын болсақ, Қазақстандағы фарабитану ғылымының бастауын көруімізге болады. Осылайша, ортағасыр мұсылман ренессансының көрнекті өкілі әл-Фараби мұралары біртіндеп аударыла бастады.

Қажеке!

Хатыңызды алдым. Жауабын тез арада бер деген екенсіз. Міне, сол үшін жазып отырмын. Қолыңыз үйренген және Фараби хатына сәйкес үйлесімді арабша әріптен жаза бересіз-дағы. Мағынасы дұрыс болса, жазу анық болса, бір таңбадан екінші таңбаға көшіру қиын емес қой. Қолыңыздағы арабша кітаптың әр бетінің аяғында латынша жазулар бар. Ол түрікше тілде берілген ескертулер. Онда қай сүреден, қай аяттан, қай хадистен алынғаны айтылған. Басқа да ескертулер бар. Соларды да қазақша және арабша аударып, әр беттің аяғына ескертулер ретінде беріп отырсаңыз дұрыс болар еді. Ол жерде күдікті әріптер, сөздер кездеседі. Оларға да көңіл бөлу керек болар. Ондайлар табылмаса, осы жақтан жіберемін.

Тағы бір ойда болатын нәрсе, Фарабидің 1100 жылдық тойы осы күзде болмақшы. Соған керекті Фарабидің өлеңі дұғасы аударылса жақсы болады. Соны да ақылдасу керек. Қысқасынан айтқанда, жұмыс көп. Алла өзі қуат берсін. Әмин!

Сәлеммен, ініңіз Ақыжан Жақсыбекұлы МАШАНОВ
21 март 1973 жыл [Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:174].



Ақжан әл-Машанидің Қажыбай Мәндібайұлына жазған хаты [Қасенов қоры, 1973:1-2]

Құрметті Қажеке!

Біз мұнда аман-сау жүріп жатырмыз. Жаздай ауырдым. Қазір қызметтемін. Сізге көптен хат жазылмаған себебі, біріншіден, науқастық, екіншіден, сіз аударған әл-Фараби кітабын баспаға берсін деген қаулыны алдырдық. Ол қаулы бойынша үш тілде бірдей шықсын деген. Соны дайындап жатырмыз. Бұл кітаптың арабшасы сізде еді ғой. Соны тез беріп жіберіңіз. Кейін кітаптар шығады, сонан аласыз ғой.

Сәлеммен, тілектес ініңіз:
Ақыжан Жақсыбекұлы МАШАНОВ
04.12.1974 [Қасенов, 2017:175]

Ғылым мен дін бағыттарын тең ұстаған ғалымдардың қалған екі әл-Фараби еңбектерінің аударылуы барысы туралы болса, ал бір хаты келесідей мазмұнда беріледі: «Сіздің Құранды қазақша аудармақ, бір талабыңыз бар еді. Ол қалай болып жатыр?! Ол өзі бір жұмыс қой. Сәлеммен досыңыз Ақжан Жақсыбекұлы МАШАНОВ (5 февраль 1975 жыл)» [Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:175].

Имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлы мен тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани арасындағы үлкен құрмет пен сыйластықтың болғандығын көруімізге болады. Атап айтатын болсақ, «Қажыбай Мәндібайұлы. Өмірі мен шығармашылығы» атты кітапта ғылым иесі болған имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлының 1973 жылы 26-сәуірде ғұлама ғалым Ақжан әл-Машаниге арналған өлең жазбасы дәлелдейді:

Жалпы адамзат пайдасын ойлаған,
Озбырлықты жекелікті қорлаған.
Түпкі мақсат ғылымда боп үгіттеп,
Негізінен, әр ғылымның кітап жазған.

Социализм жолын ол мақтаған,
Ешбір жікке бөлінбе деп зарлаған.
Асқан зерек мұндай адам болар ма,
Жаратылыс негізіне қанша ой жұмсаған?!

Ол кім сұрасаңыз мен айтайын,
Фараби ғой негізі оның бізден шыққан.
Мың рахмет Машановқа деймін мен.
Жер жүзіне әл-Фарабидің шамын жаққан
[Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:138].

Өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қорымен таныса отыра, Қажыбай Мәндібайұлының 1973 жылы жазған «Кітап мақалат ал-рафиғат фи асул ғылым ал-табиғат лиламам Ал-фараби ал-хаким» («Жоғары болған табиғат ғылымының негіздері жайында») атты машинкамен басылған деректік құжаты бар [Қасенов қоры, 1973:1]. Бұл еңбек келесідей бөлімдерден тұрады: «Имам Фараби хакімнің сөздері» [Қасенов, 1973:1], «Екінші сөз: рух – жан туралы түсінік» [Қасенов қоры, 1973:5], «үшінші сөз: нәфәс жайында» [Қасенов қоры, 1973:6], «Қабыл болатын дұға» [Қасенов қоры, 1973:14], «Екінші бөлменің есігі» [Қасенов қоры, 1973:15], «Уамма алла тарафу алас фалу» [Қасенов қоры, 1973:20], «Уазаликә ликаули тағала» [Қасенов қоры, 1973:20]. Имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлының қорындағы бұл деректік құжатта ғақыл, жан, нәфәс (дем алу) және бұларды Алла Тағала өзінің құдіретімен, тілеуімен, күшімен жара-

тып үшеуін қосып адамның денесіне біріктіріп қойды, ұйымдастырды деп атап көрсетеді [Қасенов қоры, 1973:1]. Деректік құжаттың алғашқы парақтарында осы үш негізді сипаттайды. Соның ішінде, ақыл туралы келесідей жазылады: «Ал ақыл – бұл ардақты болған нұр, бұл ғақыл – рух пен нәфәстен артық қасиеттірек. Рух пен нәфәстің тұрақтайтын орны кәміл болған ақылдың орны. Естерінде болсын әуелде бұл рухтар болмаған, ең әуелі Алла тағала оларды өзінің әкірәм болған нұрынан жаратты. Алла қаласа, бұлардың баяны тезінен алдымызда көрсетілер». Бұл туралы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің «Әл-Фараби және музыка» атты 16-томдық еңбегінің 86-шы бетінде кездеседі [Абдраман, 2011:86]. Сонымен қатар, Қажыбай Мәндібайұлының жазбасынан «Нұр» туралы келесідей ойларымен бөліседі: «Рәсүл Алла сәли ғәлә уә әсәләм айтты: «Қашан нұр жүрекке кірсе көңілді ашады да кеңейтеді/. Ал ақылдың нұры ғылымды құдіретті ираданы Алла адамның жүрегіне құяр. Ол ақыл адамның жүрегіне аманат қойылған Алланың нұры [Қасенов қоры, 1973:3].

... Көктерді және жерді нұрландырушы ол Алла: ол нұрдың мысалы шам қойылған сауыт тәрізді, яғни мұсылманның жүрегі, яғни ол Мұхаммед рәсул Алланың өзі шам қойылған сауыт секілді, ал рәсул Алланың көкірегі лампа. Рәсул Алланың ақылының нұры жанып жарық беріп тұрған панар тәрізді». Бұдан әл-Фарабидің «Табиғат ғылымының жоғары асыл тегі» атты еңбегін имам-білімдарлардың аудармасының негізінде Ақжан әл-Машани 1994 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік журналының 2-санында «Әл-Фарабидің нұрнамасы» атты ғылыми-зерттеу жұмысын жарыққа шығарады. Бұл туралы Ақжан әл-Машани аталмыш мақаласында келесідей баяндайды: «Бұл еңбекті біз қазақшаға аударғанбыз. Оның көлемі шағын – 24 бет. Осыны арабшадан аударғанда мешіттің ғалымдары маған көп көмектесті. Ол кісілердің есімін осы арада еске алуды мен өзіме міндет деп санаймын. Біріншісі Ғаббас Отарұлы Елеусіз. Бұл кісі 104 жасында қайтыс болды. Екінші Рахым Сәрсенұлы, бұл кісі де сол шамалас еді. Алматы мешітіндегі осы қариялар арабшадан аударуға алғашқы болып көмектескендер. Үшінші аудармашы Қарағанды мешітінің имамы Қажыбай Мәндібайұлы. Осы кісілер және Қазақстан діни мекемесінің сол кездегі басшысы қазы Сәдуақас Ғилманұлы діннің, соның ішінде әл-Фараби мирасын зерттеу ісінің қиын кезінде жәрдем еткендер. Оларға Алланың рахматы, пайғамбардың

шапағаты жаусын!» [Машанов, 1994:22]. Сондай-ақ, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани аталған мақаласынан әл-Фарабидің «Табиғат ғылымының жоғарғы асыл тегі» атты еңбегі екінші бір еңбекпен байланысатындығын атап өтеді. Ол физика-математика бағытындағы «Китаб ал-хийал ал-руханийа уа ал-асрар ал-табиғийа фи дақайқ ал-аш-кал ал-хандасийа». Ақжан әл-Машанидің көрсетуі бойынша Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойында арабшадан орысшаға аударғанда келесідей аталады: «Книга духовных искусных приемов и природных тайн о тонкостях геометрических фигур». Ал қазақ тіліндегі баламасы: «Геометриялық фигуралардың нәзіктігі жайындағы рухани шебер тәсіл мен табиғи сырлар кітабы» [Машанов, 1994:22]. Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани: «Әл-Фарабидің бұл кітабында қойылып отырған мәселе өте күрделі, ол геометрия ғылымының табиғат сырын шешудегі орнына арналған» [Машанов, 1994:22]. Осы орайда, Ақжан әл-Машани табиғат тақырыбы аясында бірнеше ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды. Бұл туралы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Ғылыми кітапхананың қорында сақтаулы Ақжан әл-Машанидің қаламынан туындаған еңбектерінің көшірме қолжазбалары дәлелдей түсіреді. Бұл қолжазбаларды Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д., фарабитанушы-машанитанушы Дүкенбаева Задаш Оразғалиқызы аталмыш кітапхананың сирек қорына тапсырды.

Өлкетанушы, бірнеше кітаптың авторы, Айдаржан Балтабайұлының қорында Отан тарихында есімдері белгісіз және зерттеуді қажет ететін адвокат Қоқым (Білел) Алшымбекұлы,

ақын Нұржан Шоңұлы, Дүйсенбай Маңайұлы, Қалижан (Мұхаммедқали) Жандығұлұлы және т.б. тарихи тұлғалар туралы сыр шертетін сирек мұралар бар. Бұл тұлғалар туралы өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлының қаламынан туындаған еңбектері бар. Солардың ішінде «Аманат» (2017) [Қасенов, 2017:1] және «Қажыбай Мәндібайұлы. Өмірі мен шығармашылығы» (2020) [Балтабайұлы, Сағынтай, 2020:1]. Осы орайда, сирек мұраларды одан әрі зерттеп-зерделесе халық, ел үшін игі іс болар еді.

Ғылыми сапар барысында ерекше қолдау көрсеткен өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлына және отбасына, Шабанбай би ауылының кітапханасында 40 жылдай еңбек етіп келе жатқан Айтбала Батталова кітапханашыға және аталмыш ғылыми сапарға баруға түрткі болған Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасының қызметкері Бағыжан Күзекбайға алғысымды білдіремін.

Қорытынды

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің ізімен Ақтоғай ауданына қарасты Шабанбай би ауылының имамы, өлкетанушы Қасенов Айдаржан Балтабайұлының шаңырағына барып, қорымен таныса отыра, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы дін мен ғылымды тең ұстаған өз заманының озық тұлғалары мен қаламдарынан туған діни жырларды, естеліктерді оқу арқылы жаңа тарихи білімді игеруге болады. Солардың ішінде тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанимен хат жазысып тұрған имам-ғалым Қажыбай Мәндібайұлының өмірі және мұраларын тереңірек зерттеуді қажет ететін бірден-бір тақырып болып табылады.

Әдебиеттер

- Аршабеков Т.Т., Туғанбай А., Қожахмет М. Арқаның Ақтоғайы (Ақтоғай ауданының тарихы мен географиясы). – Қарағанды, 2018.
- Әл-Машани А. (2011). Көп томдық шығармалар жинағы. 16 томдық. 16-том: Әл-Фараби және музыка / ред. алқасы: Ш.А. Абдраман, Ж.М. Әбілев, Ы.С. Кененбай, Ә.А. Машанов, Д.Қ. Сүлеев, Ұ.С. Сыдықов. – Алматы: Болашақ.
- Бабалар салған даңғыл жол. Сарым-Шабекен-Балапан-Құржық ата ұрпақтарының танымдық таратпа шежіресі (2019). Құраст. А. Қасенов. Қарағанды.
- Жанысбай Ж. (2015). Ақтоғай – арыстар мекені. Портреттер, сұхбаттар, әзілдер, өлеңдер. Қарағанды: «Tengri LTD».
- Ғылмани С. Шығармалары (2010). / Құраст.: Д. Қамзабекұлы – Алматы: «Ел-шежіре».
- Естеліктегі Алаш. Ғылыми-танымдық басылым (2020). /Құрастырған, алғысөзін және түсініктерін жазған С.Б. Жұмағұл.
- Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.
- Машанов А. (1994). Әл-Фараби және Абай. / А. Машанов. – Алматы: Қазақстан.
- Машанов А.Ж. Әл-Фарабидің нұрнамасы / А.Ж. Машанов // Зерде. – 1994. – №2. – Б. 22-24.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – 2285-қор, – 1-тізімдеме, – 75-іс, – 18 б.
- Қажыбай Мәндібайұлы. Өмірі мен шығармашылығы (2020). / Құраст: Балтабайұлы А., Сағынтай С. Қарағанды: «Қасым» журналының баспа редакция орталығы.

Қасенов А. (2017). Аманат (Қажыбай Мәндібайұлы, Қоқым (Біләл) Алшымбекұлы, Нұржан Шоңұлы, Қалижан (Мұхаммедқали) Жандығұлұлы, Дүйсенбай Маңайұлы). Қарағанды: «Қасым» журналының баспа-редакция орталығы.
Өлкетанушы Қасенов Айдаржан Балтабайұлының жеке қоры.
Ghilmani, Saduaqas. Biographies of the Islamic scholars of out times (2018). / by Saduaqas Ghilmani; edited by Ashirbek Muminov, Allen J., Frank and Aitzhan Nurmanova; foreword and directed by Halit Eren. – Istanbul: Research Centre for Islamic History, Art and Culture.

References

- Arshabekov T.T. (2018). Tuganbai A., Kozhahmet M. Arkany Aktogaiy (Aktogai audanyynyn tarihy men geografiasy) [Mountaim crest's Aktogay (Geography and history of district Aktogay)]. – Karagandy.
- Al-Mashani, A. (2010). Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. Al-Farabi zhane muzyka [The multi-volume collected works. Al-Farabi and music]. Sh.A. Abdraman, Zh.M. Abilov, Y.S. Kenenbai, A.A. Mashanov, D.K. Suleev, Y.S. Sydykov. Almaty: Alatau.
- Babalar salgan dangyl zhol. Carym-Shabeken-Balapan-Құрзhyk ата urpaktarynyn tanymdyk taratpa shezhiresi (2019) [Path built by ancestors. Cognitive chronicle of generations of ancestors]. Kurast. A.Қасенов. Karagandy.
- Zhanyzbai Zh. (2015). Aktogai – arystar mekeni. Portretter, suhbattar, azilder, olender [Aktogay – plaze of protection. Portraits, inreviews, jokes, poets]. Karagandy: «Tengri LTD».
- Gylmani S. Shygarmalary. (2010). [Gylmani S. Works]. /Kurast.: D. Kamzabekuly – Almaty: «El-shezhire».
- Esteliktegi Alash. Gylmy-tanymdyk basylym (2020). [Alash in the Memoirs. Scientific and educational publication]. / Kurastyrgan, algysozin zhane tusinikterin zhazgan S.B. Zhumagul. – Astana: «Alashorda» Kogamdyk kory.
- Mashanov, A.Zh. (1994). Al-Farabi zhane Abai [Al-Farabi and Abai]. Almaty: Kazakstan.
- Mashanov, A.Zh. (1994). Al-Farabidin nurnamasy [The light of Al-Farabi]. Zerde – Consciousness, 2, 22-24.
- Kazakstan Respublikasy Ortalyk memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 2285-k., 1-tiz., 75-is, – 18 b.
- Kazhybai Mandybaiuly. Omiri men shygarmashylygy (2020) [Kazhybai Mandybaiuly. Life and creativity]. /Kurast: Baltabaiuly A., Sagyntai S. Karagandy: «Kasym» zhurnalynyn baspa redakciia ortalygy.
- Kasenov A. (2017). Amanat (Kazhybai Mandibaiuly, Kokym (Bilal) Alshymbekuly, Nurzhan Shonuly, Kalizhan (Muhammedkali) Zhandigululy, Duisenbai Manaiuly) [Storage trust (Kazhybai Mandybaiuly, Kokym (Bilal) Alshymbekuly, Nurzhan Shonuly, Kalizhan (Muhammedkali) Zhandigululy, Duisenbai Manaiuly)]. Karagandy: «Kasym» zhurnalynyn baspa-redakciia ortalygy.
- Olketanushy Kasenov Aidarzhан Baltabaiulyynyn zheke kory.
- Ghilmani, Saduaqas. Biographies of the Islamic scholars of out times (2018). / by Saduaqas Ghilmani; edited by Ashirbek Muminov, Allen J., Frank and Aitzhan Nurmanova; foreword and directed by Halit Eren. – Istanbul: Research Centre for Islamic History, Art and Culture.